Жұмыстарды сатып алу туралы шарт №718265/2022/1

15.06.2022 жылғы

"Қазгермұнай" бірлескен кәсіпорны " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, Сенімхат №1470239113 15.11.2021 бастап, Бас директордың өндіріс бойынша орынбасары Мамадахунов А.К. 11.11.2021 ж. №03/2022 сенімхат негізінде өкілдік етеді негізінде әрекет ететін Күрделі құрылыс департаменті директорының орынбасары СУНЬ ЧЭН атынан, бір жағынан, және [Өнім берушінің толық атауы] бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын, Жарғы, негізінде әрекет ететін Заңды тұлғаның уәкілетті органымен тағайындалған(таңдалған) басқарушы МУХАМЕДЬЯРОВА САЛТАНАТ ЖИЯНГЕРОВНА атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жекелей жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатындар, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыз №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 718265 негізінде осы жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыс) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарына сай орындалған жұмыстарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Осы Шартта төменде аталып өткен ұғымдар келесі жолмен түсіндіріледі:

1.2.1. «Шарт» – Тапсырыс беруші мен Мердігердің арасында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған, электрондық нысанда тіркелген, барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге және шартта сілтемелері бар бүкіл құжаттамасымен бірге Тараптардың электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған азаматтық-құқықтық шарт. Қажет болған жағдайда, осы Шарт – zakup.sk.kz сайтында аталған Шартқа электрондық цифрлық қолтаңба қою жөніндегі міндетті шартымен, қағаз тасушыда жазбаша нысанда жасалуы мүмкін.

1.2.2. «Шарттың сомасы» – өзінің шарттық міндеттемелерін толығымен орындағаны үшін Шарт шеңберінде Мердігерге Тапсырыс берушінің төлеуі тиіс болатын соманы білдіреді.

1.2.3. «Нысан» – құрылыс заты, соның ішінде бекітілген ЖСҚ-ға, ПИР және нысанды пайдалануға беруді қоса алғанда іске қосу-баптау жұмыстары актіне сәйкес нысанды қайта құру, жаңғырту.

1.2.4. «Қосалқы мердігер» – арасында жасалған шарт негізінде Шарт бойынша Жұмыстардың бір бөлігін орындауға Мердігермен тартылған тұлға.

1.2.5. «Техқадағалау» – Мердігердің Жұмыстарды Шарт талаптарына сәйкес орындауына бақылау жасау үшін Тапсырыс берушімен тағайындалған тұлғаны білдіреді.

1.2.6. «Телім» – Нысанның құрылысын салу үшін немесе Жұмыстарды орындау үшін бөлінген аумақты білдіреді.

1.2.7. «Уақытша құрылыстар» – Мердігермен салынатын, орнатылатын, сондай-ақ Нысанды жөндеу және/немесе құрылысын салу аяқталғаннан кейін демонтаждалатын, Нысанды жөндеу және/немесе құрылысын салу үшін қажетті уақытша ғимараттар мен құрылыстардың барлығын білдіреді.

1.2.8. «Материалдар» – Мердігер мен Қосалқы мердігер Нысанды жөндеу және/немесе құрылысын салу үшін пайдаланатын барлық шығыс материалдарын білдіреді.

1.2.9. «Жабдық» – монтаждауға жататын техникалық жабдықты білдіреді.

1.2.10. «Қосалқы жабдық» – телімде уақытша тұрған және Нысанның құрылысын салу үшін қажет боалтын және монтаждауға жатпайтын Мердігер мен Қосалқы мердігердің барлық машиналар мен тетіктерін білдіреді.

1.2.11. «Құрылыстың ұзақтық мерзімі» – Мердігер Нысанның құрылсын аяқтауытиіс болатын мерзім.

1.2.12. «Жұмыстар» – Шартқа сәйкес Тапсырыс берушінің мұқтаждықтарын қанағаттандыруға бағытталған, ҚР СН 1.03.-00-2011 талаптарына сәйкес заттай нәтижесі бар Мердігердің қызметі.

1.2.13. «Ілеспе Жұмыстар» – мысалы монтаждауды, іске қосуды, техникалық жәрдем көрсетуді, оқытуды және Шартта қарастырылған Мердігердің басқа да осындай міндеттерін қамтитын қосалқы Жұмыстар.

1.2.14. «Жұмыстарды орындау кестесі» – Тапсырыс берушімен және Мердігермен бекітілген, Нысандағы құрылыс жұмыстарының кестесі, соның ішінде жабдықтар мен материалдарды жеткізуді, іске қосу-баптау жұмыстарын қоса алғанда.

1.2.15. «Өзерістер» – Шартқа қолқойылғаннан кейін Тапсырыс берушімен берілген өзгерістер.

1.2.16. «Ақаулар» – Жұмстың, Материалдың, Жабдықтың Қазақстан Республикасында қолданылатын талаптарға, жобалық шешімдерге сәйкес келмеуі немесе Шарт талаптарының бұзылуымен орындалған Жұмыстардың бір бөлігі.

1.2.17. «Тараптар» – Тапсырыс беруші мен Мердігердің бірге аталуы, ал жеке-жеке аталуы – «Тарап».

1.2.18. «Нормалар» – құрылыс нормалары мен ережелері (ҚНжЕ), электр қондырғыларын құру ережелері (ЭҚҚЕ), техникалық

пайдалану ережелері (ТПЕ), қауіпсіздік техникасы ережелері (ҚТЕ) және Қазақстан Республикасының басқа да қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттары.

1.2.19. «Хабарлама» – Шарттың Тараптары арасында кейіннен түпнұсқасы ұсынылуы тиіс хат, жеделхат, телекс немесе факс түріндегі хабарлама. Ол жеткізілгеннен кейін немесе өзінің мазмұнында көрсетілген күшіне ену күнінен бастап, осы екі мерзімнің қайсысы кешірек болатынына байланысты, өз күшіне енеді;

1.2.20. «Қор» – «Самұрық-Қазына» АҚ;

1.2.21. Тендерлік құжаттама – тендерге дайындау үшін Мердігерге ұсынылатын және тендерді өткізудің шарттары мен тәртібі туралы ақпаратты қамтитын құжаттама.

1.3. Төменде аталып өткен құжаттар және оларда айтылған жағдайлар осы Шартты құрайды және олар оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда: 1) Шарт; 2) Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтер тізбесі (№1 қосымша); 3) Техникалық тапсырма (№2 қосымша); 4) жергілікті қамту туралы есептілік нысаны (№3 қосымша). 5) шарттық баға тізімдемесі (№4 қосымша); 6) Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актінің нысаны (№5 қосымша); 7) Ақау акті (№6 қосымша); 8) Жасырын жұмыстарды куәландыру актінің нысаны (№7 қосымша).

2. Шарттың сомасы және ақы төлеу талаптары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 145040000.00 (жүз қырық бес миллион қырық мың) Теңге ҚР ҚҚС-ты қоса алғанда құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығындарды қамтиды және Шарт пен Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.1.1. Егер Шартта ескерілмеген, бірақ Нысанның құрылысын аяқтау үшін қажетті Жұмыс анықталған болса, Мердігер Шарттың қосымшаларында ескерілмеген осындай Жұмыстарды мүмкіндігінше аса қысқа мерзімдерде өз күшімен, шарттық соманы ұлғайтпастан Мердігердің болжанбаған шығындары есебінен орындайды. Қандай жағдай болмасын, Мердігерде жоғарыда аталған Жұмыстарды орындауға жұмсалған шығындардың өтемін Тапсырыс берушіден талап ету құқығы туындамайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Аванстық төлем (алдын ала төлем) Мердігер авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі. Аванстық төлем (алдын ала төлем) Тәртібінің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, авансты қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылған жағдайда жүргізіледі. Мердігер аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, осы аванстық төлем (алдын ала төлем) жүргізілмейді.

2.4.1. Аванстық төлем (алғытөлем) – оның (олардың) келесі құжат(тар)ын ұсыну негізінде жасалады:

2.4.1.1. Төлем шоты;

2.4.1.2. Авансты (алғытөлемді) қайтарудың қамтамасыз етуі.

2.4.2. Аралық төлемдер Шарт бойынша Жұмыстар көлемінің тиісінше орындалғанын растайтын, Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолы қойылған Орындалған жұмыстар акті негізінде рәсімделген, ҚҚС қамтылған шот-фактураны Мердігер ұсынған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде аванстық төлемнің пропорционалды түрде ұсталуымен жасалады. Түпкілікті есеп айырысу – толық көлемде және тиісті сапада Нысанды пайдалануға беру туралы қабылдау комиссиясының акті негізінде рәсімделген, ҚҚС қамтылған шот-фактураны Мердігер ұсынған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде жүргізіледі.

2.5. Орындалған Жұмыстар, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу үшін ақы төлеу тараптар орындалған жұмыстар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Орындалған жұмыстар актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.5.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың бар көлеміне жергілікті қамту үлесінің есебі (электрондық сатып алуды қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Жүйе) соңғы орындалған Жұмыстардың актісімен қоса беріледі);

2.5.2. Шот-фактуралар;

2.5.3. Орындалған жұмыстар актІ.

2.6. Мердігер орындалған Жұмыстардың актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Жүйе арқылы жібереді. Орындалған Жұмыстар актісін (актілерін) Жүйеде электрондық түрде қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

2.7. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.8. Нақты орындалған Жұмыстар үшін ақы төлеу бұрын төленген алдын ала төлемді ескере отырып жүргізіледі.

2.9. Кез-келген шот-фактураны төлеу, төлемеу немесе төлеуге қарсылық білдіру дерегі, кез-келген дауды реттеу барысындағы кез-келген төлемдер немесе есеп айырысулар, сондай-ақ жоғарыда аталған әрекеттердің кез-келген үйлесімі Мердігердің шот-фактурасын Тапсырыс берушінің мойындағанын білдірмейді. Тапсырыс беруші тарапынан кез-келген төлем – шотта ұсынылған кез-келген соманың

негізділігімен кейіннен келіспеу құқығын өзіне қалдыру шартымен жасалады.

2.10. Шарттың №1 және №2 Қосымшамен көзделмеген, өндірісті ұйымдастырумен байланысты Мердігердің жұмыстарын, қызметтерін немесе қандай да бір өзге шығындарын Тапсырыс беруші төлемейді.

2.11. Мердігердің және/немесе Тапсырыс берушінің банк деректемелері мен заңды мекенжайлары өзгерген жағдайда, тараптар әрі қарай өзара есеп айырысуға негіз болатын осындай өзгертулердің күшіне енген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірместен Хабарлама жіберу жолымен бұл туралы бір-біріне алдын ала хабарлайды. Егер Мердігердің төлем жасауға арналған деректемелерді дұрыс көрсетпеуі салдарынан немесе Хабарлау мерзімдерін бұзуының нәтижесінде төлемдер қате деректемелер бойынша жасалған болса, Тапсырыс беруші төлем жасау бойынша міндеттемелерді тиісті жолмен орындаған болып есептеледі. Бұл ретте, егер аударылған қаражат Тапсырыс берушінің есептік шотына қайтарылатын болса, онда Тапсырыс беруші ақшаны дұрыс емес деректемелер бойынша аударудың нәтижесінде жұмсалған қосымша шығындар сомасын бір жақты тәртіпте ұстап қалып, алынған ақшаны Мердігерге аударуы тиіс.

2.12. Осы Шарт арқылы Мердігердің Шартта, сондай-ақ, Мердігер мен Тапсырыс беруші арасында жасалған өзге шарттарда қарастырылған өз міндеттерін орындамағаны және (немесе) тиісті түрде орындамағаны үшін Мердігер мен Тапсырыс беруші арасында жасалған осы Шарт және т.б шарттар бойынша Мердігерге төленуі тиіс ақшадан Мердігер Тапсырыс берушіге кез-келген соманы, соның ішінде төленген аванстың бір жақты тәртіпте ұстап қалу құқығын береді. Ұстаудың негіздемесі – Мердігер мен Тапсырыс берушінің арасында жасалған барлық шарттар бойынша есеп айырысуларды салыстырып тексеру акті болып табылады.

2.13. Мердігер Шарт бойынша міндеттердің орындалуына байланысты есептелген барлық және кез-келген салықтың төленуі үшін толық жауапкершілік көтереді және Мердігерге жүктелген немесе ол Шарт бойынша алған кез-келген төлемге байланысты Қазақстан Республикасының кез-келген мемлекеттік органы, соның ішінде салық қызметі Мердігерге есептеуі және салуы мүмкін талап етілетін барлық салық немесе алымдарды (соның ішінде өсімпұл мен айыппұлды қоса) төлеуге байланысты кез-келген және барлық шағымдар мен жауапкершіліктен Тапсырыс берушіні босатады және одан арашалайды.

2.13.2 Егер осындай талап Қазақстан Республикасының заңында, ережесінде немесе нұсқаулығында мазмұндалатын болса, онда Тапсырыс беруші Мердігерге төленуі тиіс сомадан салық төлеу бойынша кез-келген соманы ұстап қалады. Көрсетілген қаражаттарды ұстап қалу туралы Мердігердің Тапсырыс берушіге қоятын талаптарының заңдылығына кез-келген ведомоствода даулау мүмкіндігін беру үшін Тапсырыс беруші кез-келген осындай талап ету туралы Мердігерді алдын-ала ескертеді. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органы үшін ұстап қалған сома мөлшерінде төлеген төлемі бастапқыда төлем Мердігерге жасалғандай түрде көрсетіліп, Мердігердің атынан төленді деп есептеледі және Тапсырыс беруші осылайша ұсталып қалған сома бойынша Мердігер алдында әрі қарай жауапкершілік көтермейді. Тапсырыс беруші сондай-ақ барлық осындай төлемнің құжатталған куәліктерін Мердігерге ұсынады.

2.14. Жұмыстарды орындау барысында Мердігер Қазақстан Республикасының Салық заңнамасына сәйкес қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем жасауға міндетті.

2.15. Мердігердің салық есептемелерін дұрыс толтырмауынан қарсы тексеру және/немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс комитетінен сұрату нәтижесінде расталмаған қосымша есептеулер болған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге ҚҚС сомасын қайтаруы тиіс.

2.16. Егер камералық бақылау, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге іс-шаралар рәсімі аясында мемлекеттік органдар Шартта қарастырылған операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемеу) немесе растамау деректерін анықтаған жағдайда және оның нәтижесінде Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС-тың артық сомасын қайтарудан бас тартылатын болса немесе салықтарды қосымша төлеу жүктелетін болса, онда Мердігер Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін 10 (он) күннің ішінде Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС-тың бүкіл сомасын Тапсырыс берушіге өтеп беруге міндеттенеді, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда барлық өзге жүктелген салықтар өтелуі тиіс.

Бұл тармақта қарастырылған шарт тікелей Мердігердің өзімен өзара қатынастармен шектелместен, қандай да бір негіздемелер бойынша мемлекеттік органдармен Тапсырыс берушіге ұсынылған қаржылық санкциялар мен салықтарды қосымша төлеуге және ҚҚС қайтармауға, Тапсырыс берушімен жасалған өзара есеп айырысуларды растамау жағдайларына әкелген Мердігердің Қосалқы мердігерлерімен өзара қатынастарға да қолданылады.

Шартта қарастырылған операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды растамау немесе бұрын анықталған көрсетпеу (төлемеу) деректері бойынша ҚР бюджетінен қайтарудан бас тартылған, Мердігермен өтелген ҚҚС-тың артық сомасын Тапсырыс беруші Мердігерге қайтаруы тиіс болады, егер де ҚҚС-ты қайтаруға арналған, қайта ұсынылған талап негізінде ҚҚС-тың артық сомасы Тапсыры берушіге қайтарылған жағдайда және бұрын анықталған бұзушылықтардың 1-ші, 2-ші, 3-ші және т.б. деңгейлерін Мердігердің немесе Мердігерлердің жоюы нәтижесінде бұрын расталмаған сомалар қайтаруға расталған жағдайда, Тапсырыс беруші ҚҚС-тың артық сомасының нақты қайтарымын алғаннан кейін 10 (он) күннің ішінде бұрын Мердігермен өтелген ҚҚС-сомасын қайтаруға міндеттенеді.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

3.1. Мердігер міндеттенеді:

3.1.1. Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес орындауға;

3.1.2. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Мердігердің аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тарту жағдайларын және Тәртібінің 64-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарт бойынша Төлем тапсырмалары, Банк кепілдігі аванстық төлемді (алдын ала төлемді) толық өтегенге дейін қолданылу мерзімімен авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді енгізу.

3.1.2.1. Мердігер осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күн ішінде, Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі Тендерлік құжаттамада көзделгендей, банктік кепілдік немесе төлем тапсырмасы түріндегі Шарттың жалпы құнының 3 (үш) % мөлшеріндегі сомасын сақтауға міндеттеледі. Бұл талап Тәртіптің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес Мердігерге қолданылмайды;

3.1.3. Тапсырыста белгіленген Тәртібімең сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және Сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алуды қамтамасыз ету. Мердігердің орындалған Жұмыстардың түпкілікті актісіне, Сатып алынатын тауарлардың тауар өндірушісінен/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымнан (ұйымдардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмелерін, тауарларды қабылдау-беру актілерін тараптар қол қойған күнге дейін ұсынуы мердігердің Шарттың осы тармағында көзделген міндеттемені орындауын растау болып табылады. Егер өткізілетін (өткізілген) сатып алу/Шарт талаптарында Жұмыстардың белгілі бір көлемін қосалқы мердігерге беруге жол берілген жағдайда, көрсетілген міндеттеме қосалқы мердігерге де қолданылады.

3.1.4. Тапсырыс берушіге орындалған Жұмыстардың Түпкілікті актісімен Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне жергілікті қамту үлесінің есебін беру (Жүйеде беріледі).

3.1.5. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардағы кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жою. Тапсырыс берушінің Өнім берушінің Жұмыстардағы жергілікті қамтудың болжамды үлесін ұсынуды талап етуге құқығы жоқ.

3.1.6. Жұмыстарды тиісті жолмен орындау. Осы Шарт бойынша Жұмыстар тиісті жолмен орындалған болып есептеледі, егер де Жұмыстар ҚР заңнамасына, Тапсырыс берушімен бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға, осы Шарттың талаптарына сәйкес осындай Жұмыстарға қойылатын міндетті талаптардың сақталуымен орындалған болса.

3.1.8. Жұмыстарды Тапсырыс берушінің кен орны аумағында жасаған кезде, мониторинг, навигация және оперативтік бақылау жүйесімен жабдықталған арнайы техника мен көлік құралдарын ғана пайдалану;

3.1.9. Шартта қарастылылған барлық Жұмыстардың орындалуын – қолданыстағы нормалар мен ережелерді, техникалық шарттарды сақтай отырып, құрылыс аяқталғаннан соң өзінің қосалқы жабдықтарын жұмыс алаңынан кейіннен шығару жолымен, өз күшімен (сондай-ақ Қосалқы мердігерлердің күшімен және құралдарымен, егер де тендерлік құжаттамада Жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартуға қатысты Мердігердің құқығы қарастырылған болса), өз Жабдықтарымен, Материалдарымен, құралдарымен, тетіктерімен, көлігімен орындалуын қамтамасыз ету. Олардың қабылдануына, сақталуына және пайдаланылуына жауапты болу;

3.1.10. Шартты жүзеге асыру үшін қажет болатын барлық Материалдар мен жабдықтарды қолдану, олардың қолданылуына, сақталуына және пайдаланылуына жауапты болу;

3.1.11. Барлық қолданылатын Материалдар мен Жабдықтарды Тапсырыс берушімен алдын ала келісу;

3.1.12. Материалдардың, конструкциялардың, жабдықтардың сапасыу шін толық жауап береді және Нормалардың талаптарына сәйкес келмейтін Материалдарды, Жабдықтарды ауыстыруға, Тапсырыс берушінің жазбаша Хабарламасын алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күннің ішінүде оларды өз есебінен жоюға міндетті ;

3.1.13. Нысанды пайдаланудың кепілдікті мерзімі ішінүде жабдықты қосалқы бөлшектермен жиынтықтау;

3.1.14. Тапсырыс берушінің қоймасынан алынған жабдықтар мен материалдарды өз есебінен тиеуді-түсіруді, сондай-ақ Нысанның құрылысы салынатын жерге дейін тасымалдауды ұйымдастыру;

3.1.15. Материалдарды, конструкцияларды, бұйымдарды, жабдықтарды қабылдауды қоймалауды және сақтауды, құрылыс машиналары мен тетіктерді пайдалану мен техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру, сондай-ақ өз есебінен құрылыс және жұмыс алаңдарын күзетуді қамтамасыз ету;

3.1.16. Мердігер/қосалқы мердігер сметалық, жоба алдындағы, жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамаға сәйкес, сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістеді құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан және сатып алынатын тауарды өндірушілерден салынып жатқан нысанды монтаждауға, жабдықтауға және (немесе) құрылыс кезінде қолдануға жататын тауарларды сатып алуға міндетті. Сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістеді құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан/сатып алынатын тауарды өндірушілерден коммерциялық ұсыныстарды қабылдау – Жүйеде жүзеге асырылады;

3.1.17. Тапсырыс берушінің алдын-ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өзінің міндеттерін басқа біреуге толығымен немесе

ішінара табыстамау;

3.1.18. Қосалқы мердігерлерді тарту кезінде, Шарт аясында жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттарының көшірмелерін Тапсырыс берушіге ұсыну. Қосалқы мердігерлердің болуы Мердігерді материалдық және Шарт бойынша өзге жауапкершіліктен босатпайды. Қосалқы мердігердің Мердігермен жасалған шартты бұзуына байланысты Тапсырыс беруші қосалқы мердігерге талап қоюға құқылы;

3.1.19. Түйінді лауазымдарға біліктілік туралы мәліметтерінде көрсетілген жұмысшыларды жұмысқа алу. Осы тұлғаларды басқаларға ауыстырған кезде Мердігер осындай ауыстыру үшін Тапсырыс берушіден келісім алуы тиіс. Жаңа жұмысшылардың біліктілігі біліктілік туралы мәліметтерінде көрсетілген жұмысшылардың біліктігіне сәйкес келуі немесе одан жоғары болуы тиіс;

3.1.20. Тапсырыс беруші объективті себеп көрсете отырып, Мердігердің немесе қосалқы мердігердің жұмысшысы болып табылатын тұлғаны Нысанда Жұмыс жасаудан шеттетуді сұрайтын болса, онда Мердігер осы тұлғаны Нысаннан 72 (жетпіс екі) сағат ішінде шеттетуі тиіс, бұдан кейін аталмыш тұлғаның осы Шарт бойынша Жұмыстардың орындалуына ешқандай қатысы болмауы тиіс;

3.1.21. Тартылған қызметкерлердің Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету;

3.1.22. Атқарушылық техникалық құжаттаманың тиісінше және уақытылы орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ресурстық әдіспен сметалар жасауды үйрету бойынша сертификатталған қызметкерлері болу;

3.1.23. Бүкіл орындалатын Жұмыстарға, соның ішінде егжей-тегжейлі бөлінуді қоса алғанда геодезиялық бөлу Жұмыстарына технологиялық құжаттаманың (технологиялық карта, регламенттер және т.б.) бар болуы;

3.1.24. кіреберіс бақылауда және өз күшімен дайындалатын материал мен бұйымдардың сапасын бақылаған кезде материал мен бұйымдарды сынау үшін өз зертханасының болуы, сондай-ақ, егер Шарттың қосымшаларында немесе тендерлік құжаттамада осы талап қарастырылған болса, Мердігердің зертханасында жасалмайтын сынау түрін жасау үшін тәуелсіз зертханамен шарт жасасу;

3.1.25. Бақылаудың барлық түрлерін жасауға және олардың нәтижелерінің шынайылығына дербес жауапкершілікті бекітетін ұйымдастырушылық құжаттамасы бар болу, сондай-ақ, осы нәтижелерді құжаттау;

3.1.26. Жұмыстарды жобаларға, сметаларға, жұмыс сызбаларына толық сәйкестікпен және Нормаларға сәйкес жүргізу;

3.1.27. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті рұқсат құжаттамасын алумен байланысты барлық шығындарды көтеру (оны алу қажет болған жағдайда);

3.1.28. Мердігердің уәкілетті өкілі мен Жұмыстардың нәтижелерін қарау және қабылдау күндерін көрсете отырып Жұмыстарды тапсыруға дайын екендігі туралы Тапсырыс берушіге жазбаша түрде хабарлау, Тапсырыс берушіге жасалған Жұмыстар туралы нақты әрі толық ақпарат беру, Жұмыстардың жинақтаушы тізімдемесін, барлық атқарушылық және есептік құжаттаманы жүргізу;

3.1.29. Тапсырыс берушіге Нысан бойынша жасалған Жұмыстар туралы апта сайынғы және ай сайынғы ілгерілемелі есептерді ұсыну;

3.1.30. Құндық, көлемдік және ресурстық бағалау тұрғысынан алғанда, орындалған Жұмыс көлемінің есебін жүргізу;

3.1.31. Орындалған Жұмыстардың құны туралы ай сайын актілер мен анықтамалар беру, АВС-4 бағдарламалық кешенінде жасалған КС-3 және 2-В нысандарын ұсыну;

3.1.32. Құрылысы аяқталған Нысанды пайдалануға беру және осыған байланысты барлық қажетті шығындарды көтеру;

3.1.33. Нысанды пайдалануға беру актіне қол қойғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде ДА-1 нысанына сәйкес нысанның негізгі құралдарының өз тарапынан қол қойылған қабылдау-тапсыру актін ұсыну;

3.1.34. Жұмыстар аяқталғаннан кейін, Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша, 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеру актіне қол қою;

3.1.35. Құрылыс кезеңінде, сондай-ақ, ол аяқталғаннан кейін де өз қаражаты есебінен құрылыс және жұмыс алаңының тазартылуын, барлық қалдықтар мен құрылыс қоқысының жиналуын, шығарылуын, кәдеге жаратылуын қамтамасыз ету, бұл ретте жұмыс күні мен жұмыс күнінен тыс уақытта құрылыс материалдарының зақымдану немесе ұрлану тәуекелі Мердігерге жүктеледі;

3.1.36. Тапсырыс беруші Басқармасының жазбаша акті бойынша мұнда көрсетілген Тапсырыс беруші өкілдеріне құжаттарды (бухгалтерлік шоттарды, шот-фактураларды, шығыстар бойынша бастапқы құжаттаманы) алу және олармен танысу құқығы бар аудитты жүргізуге рұқсат беру, бұл Мердігердің Тапсырыс беруші алдындағы міндеттерін орындауына жатқызылады;

3.1.37. Мемлекеттік қадағалау органдарымен Жұмысты жүргізу тәртібін, Тапсырыс берушінің қызметкерлерін оқытуды, Нысанды іске қосу және қолдану үшін қажетті барлық құжаттарды келістіру, кейіннен осы құжаттарды Тапсырыс берушіге ұсыну;

3.1.38. Нысанды салу кезеңінде қоршаған ортаға эмиссияны жүзеге асыруға рұқсаты болу;

3.1.39. Нысанда Жұмыс жасаған кезде барлық өртке қарсы қауіпсіздік, қауіпсіздік техникасы мен экологиялық қорғаныс шараларын өз қаражаты есебінен қамтамасыз ету;

3.1.40. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде Мердігер жол берген бұзушылықтар үшін толық жауап беру, сондай-ақ әкімшілік құқық, экология, салық салу және өнеркәсіптік және өртке қарсы қауіпсіздік саласындағы заңнаманы Мердігердің бұзғаны үшін Тапсырыс берушіге уәкілетті мемлекеттік органдармен салынатын кез-келген өндіріп алу шараларын толық көлемде өтеп беру, сондай-ақ экологиялық салдардытолығымен жоюды жүзеге асыру, соны ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

табиғи ресурстарды қалпына келтіруді қоса алғанда;

3.1.41. Нысанның құрылысы бойынша тәуекелдерді өз есебінен сақтандыру;

3.1.42. Меншік/пайдалану құқығының мемлекеттік тіркелуін және құрылысы аяқталған Нысаның техникалық құжаттамасын өз есебінен дайындауды қамтамасыз ету

3.1.43. Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша Шартты орындаумен байланысты ақпарат пен құжаттарды, соның ішінде Мердігердің шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін – осындай сұрауда көрсетілген мерзімде ұсыну;

3.1.44. Жұмыстардың орындалу барысын жоспардан тыс баяулататын жағдайлар туындайтін болса, Тапсырыс берушіні дереу жазбаша түрде хабардар ету;

3.1.45. Осы Шарттың талаптарын орындамаумен/тиісінше орындамаумен Тапсырыс берушіге келтірілген залалды өтеп беру;

3.1.46. Мердігердің Шартпен келісілген Жұмыстарды тапсыру мерзімі келгенше Нысандағы материалдардың, Жұмыс нәтижелерінің, мүліктің кездейсоқ бүліну немесе кездейсоқ зақымдану тәуекелін көтеру;

3.1.47. Нысанда қолданылатын Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын қатаң сақтау, соның ішінде өрт қауіпсіздігі, өткізу тәртіптемесі, нысан мен тауар-материалдық құндылықтарды күзету және т.б. бойынша;

3.1.48. Жұмыстардың әрбір түрі бойынша Шарттың №8 Қосымшасының нысанына сәйкес жасырын жұмыстарды қабылдау-тапсыру Актіне Тапсырыс берушімен бірге қол қою және осыдан кейін ғана келесі Жұмыстарды орындауға кірісу (құрылыс Жұмыстарын нөлдік циклден бастап орындаған жағдайда ғана);

3.1.49. Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз жобалау құжаттамасына өзгертулер енгізбеу. Олай болмаған жағдайда, осымен байланысты Тапсырыс берушінің барлық шығындары мен залалдарын Мердігер өз мойнына алады;

3.1.50. Тапсырыс берушіге/Тапсырыс берушінің уәкілетті өкіліне нормативтік құқықтық актілермен көзделген, жеткізілетін материалдар мен жабдықтарға қатысты құжаттарды, соның ішінде Сапаға сәйкестік сертификатын және/немесе өндіруші-зауыттың сапа төлқұжатын табыстау;

3.1.51. Атқарушылық құжаттаманы жүргізу (жұмыс журналдарын толтыру, жобалық құжаттамамен және осы Шартпен белгіленген тәртіпте және құрамда жауапты конструкциялар мен жабдықтарды аралық қабылдауды, жасырын жұмыстарды куәландыруды орындау және құжаттау);

3.1.52. Салынатын жылжымайтын мүлік нысандарының сапасын және құрылыс-монтаждау жұмыстарының орындалуын кепілдендірілген түрде қамтамасыз ету бойынша өзінің мүмкіндіктерін белгіленген тәртіпте сертификатталған ИСО 9001-2008 талаптарына сәйкес келетін сапа жүйесінің болуымен растау;

3.1.53. Шартта көрсетілмеген, бірақ Шарт бойынша Жұмыстарды орындау жағдайларынан туындайтын өзге міндеттерді орындау.

3.1.54. Жұмысты орындау және Нысанды пайдалану үшін қажетті Материалдарға, Жабдықтарға, жинақтаушы бұйымдарға арналған лицензияны (сертификат) алуға байланысты барлық шығындарды көтеру;

3.1.55. Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдік тұлғалар болып табылатын Мердігердің, сондай-ақ оның қосалқы мердігерлерінің/бірлесіп орындаушыларының қызметкерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеу;

3.1.56. Тапсырыс берушіде Мердігердің және/немесе оның қосалқы мердігерінің еңбекақы төлеу саласында кемсітуге жол бергені туралы мәліметтер болған жағдайда, азаматтығы мен әрбір лауазым бойынша төленген жалақы сомаларының көрсетілуімен Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға тартылған Мердігердің және/немесе оның қосалқы мердігерлерінің қызметкерлерінің саны және лауазымдары туралы ақпаратты, сондай-ақ Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысында Мердігердің және/немесе оның қосалқы мердігерлерінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеумен байланысты мәселелер бойынша өзге қосымша ақпарат пен құжаттарды Тапсырыс берушімен анықталған мерзімдерде және оның талап етуі бойынша ұсыну.

3.1.57. Мердігер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарын мүлтіксіз сақтауға міндеттенеді, соның ішінде келесі бөлігінде:

а) Еңбек шарттарын жасау тәртібі, олардың мазмұны мен нысанына қойылатын талаптар;

б) Еңбек шартын жасағаннан кейін ғана тұлғаны жұмысқа жіберу;

в) Жұмыс уақытының ұзақтығы мен тәртіптемесі;

г) Ауысымдық жұмыс және еңбекті ұйымдастырудың вахталық әдісі;

д) Түнгі уақыттағы жұмыс және үстеме жұмыс;

е) Қызметкерлердің тынығуы;

ж) Еңбекақының ең төменгі мөлшері және еңбекақы төлеу саласындағы кепілдіктер;

з) Жалақы төлеу тәртібі мен мерзімдері.

3.1.58. Өндіріс мәдениетінің заманауи деңгейін қамтамасыз ету, денсаулықты қорғау, жұмысқа қабілеттілікті және жұмыс өнімділігін арттыру, өз қызметкерлері үшін келесідей әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында:

1) Шартты орындау барысында тартылған Мердігердің өндірістік қызметінің барлық жерлерінде ыстық тамақ және ауыз су, атап

айтқанда:

- жұмыскерлерді қанағаттандыратын сапалы тамақты ұсыну, күнделікті бақылауды ұйымдастыру. Тағамның сіңімділігі жоғары, дәмі жақсы, пайдаланылатын өнімдері әртүрлі, ағзаның қажеттілігін толығымен қанағаттадыратын тиісінше химиялық құрамы бар болуы тиіс. Ауыр дене еңбегі жағдайында жұмыс істейтін жұмыскерлер үшін энергияның, ақуыздардың, майлардың және көмірсулардың ұсынылған тұтынылуы күніне 3450 ккалдан 3600 ккалға дейінгі шаманы құрауы тиіс. Осыған байланысты, жұмыскерлердің тамақтану рационы жұмсалған энергияның орнын толтыруы тиіс және бір түскі аста (кешкі аста) кемінде 1500 ккал құрауы тиіс.
- сиықсызданған, шеттері соғылған, сызаттары мен жарықтары бар, эмалі зақымданған асүй және асхана ыдыстарын; алюминийден жасалған асхана аспаптарын; пластмасадан және нығыздалған шереден жасалған азық-түлік турайтын тақтайды пайдалануға жол берілмейді;
- тағам әзірлеу орындары санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сай келуі тиіс, сондай-ақ ас әзірлеу мен тамақтанудың барлық кезеңдерінде Мердігердің жұмыскерлері тарапынан жоғарыда аталған талаптардың сақталуын қамтамасыз ету қажет.

2) Тапсырыс берушінің нысандарында жұмыс істейтін жұмыскерлердің мекендеп тұруын қамтамасыз ету (жұмыс үдерісі вахталық әдіспен жүзеге асырылатын едәуір алыста, қала шегінен тыс жерде), атап айтқанда:

- вахталық әдіспен жұмыс істейтін жұмыскерлердің жұмыс жасау нысанында болған кезеңде мекендеп тұруын қамтамасы ету. Жатақханалардың тұрғын бөлмелерінің аумағы бір адамға кемінде 6 м2 есебінен анықталады;
- төсек жабдығын, сүлгілерді және басқа да жұмсақ керек-жарақтарды аптасына кемінде 1 рет ауыстыруды жүзеге асыру;
- жуғыш, зарарсыздандырғыш заттарды қолдана отырып құрғақ және ылғалды жиыстыруды жүзеге асыру – күн сайын қажетінше, бірақ күніне кемінде 1 рет;
- өрт қауіпсіздігі шараларын, өрттен қорғаудың ішкі жүйесімен өрт дабылдамасының және түтін датчиктерінің үздіксіз жұмыс жасауын қамтамасыз ету;
- электртехникалық жабдықтар мен желілердің, суық-жылы суымен қамтамасыз ету жүйесінің, ыстық және суық сумен қамтамасыз ету жүйелерінің, желдету жүйесінің үздіксіз және апатсыз жұмыс жасауын, сондай-ақ профилактикалық жұмыстардың жүргізілуін қамтамасыз ету;
- жатақханаларды санитариялық-гигиеналық нормаларға сәйкес таза ұстауды қолдап отыру үшін материалдық-техникалық жабдықтаудың жуғыш, зарарсыздандырғыш заттармен (ҚР-да қолдануға рұқсат етілген) және қағаз сүлгілермен, дәретхана қағазымен қамтамасыз ету.

Мердігерде жұмыскерлерді Тапсырыс берушінің нысандарында тұрумен қамтамасыз ету үшін өзінің үй-жайлары болмаған жағдайда (жұмыс үдерісі вахталық әдіспен жүзеге асырылатын, қаладан едәуір алысжерде орналасқан), Мердігер өз жұмыскерлеріне мекендеп тұру жағдайын қамтамасыз ету мақсатында Тапсырыс берушінің аталған нысандарындағы тұрғын үй-жайларды пайдалануға қол жеткіз үшін шараларды қолға алуға міндетті.

3) Тапсырыс берушінің нысандарында жұмыс істейтін жұмыскерлерді Тапсырыс берушінің нысандарына жеткізу үшін, сондай-ақ нысандардың арасында қозғалып жүру үшін көлікпен қамтамасыз ету, бұл ретте:

- Мердігерде жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға және көлік қызметтерін көрсетуге арналған рұқсат құжаттарының барлығы болуы тиіс.
- жолаушыларды тасымалдауға арналған көлік құралдарының жиынтықтамасы: ауа баптау және/немесе желдету жүйесі, жылыту жүйесі, жұмсақ орындықтар, автобустар мен микроавтобустардың салондары таза, орындықтары зақымданбаған және реттелуі тиіс;
- Көлік құралдары жайлылық талаптарына сәйкес келуі тиіс, барлық жолаушылар үшін қауіпсіздік белдіктері болуы тиіс, сондай-ақ жазғы және қысқы уақыт кезеңдерінде толық техникалық жабдықталған болуы тиіс.

4) Мердігер Шарттың талаптарына толық сәйкестікпен өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін жұмыскерледі ақаусыз күйдегі еңбек ету құралдарының қажетті санымен қамтамасыз ету, атап айтқанда: еңбек құралдарымен немесе механикалық еңбек құралдарымен (білдектермен, машиналармен, жабдықпен, құралдарымен және т.б.).

3.1.59. Мердігердің жұмыскерлері арасындағы көңіл-күй туралы ақпаратты уақытылы алу және ұйымның қызметі туралы жұмыскерлерді ақпараттандыру мақсатында Мердігер ішкі коммуникациялардың келесі тетіктерін қамтамасыз етеді:

1) Мердігердің Бірінші басшысы жыл сайын бірінші жарты жылдықтың қорытындысы бойынша 1-ші қыркүйекке дейін және жылдың қорытындысы бойынша 1-ші наурызға дейін әлеуметтік-еңбеке қатынастары мәселелері бойынша өз жұмыскерлерімен кездеседі және онда еңбек ұжымы Мердігердің өндірістік көрсеткіштері туралы ақпарат алады, ал Мердігердің басшылығы жұмыскерлердің сұрақтары мен ұсыныстарын жинайды, оларға жауап ұсынады; Мердігердің бірінші басшысы жеке мәселелер бойынша өз ұйымының жұмыскерлерін қабылдауды айына кемінде бір рет жүзеге асырады;

2) Мердігер өз жұмыскерлерінің жүгінулерін қарауды және өтініш берушілердің қабылданған шешімдер туралы жауаптарды алуын қамтамасыз етеді.

3.1.60. Мердігердің міндеттері:

- әлеуметтік-тұрмыстық сипаттағы кері көріністердің туындауының болжалды факторларын, себептерін, жағдайларын және алғышарттарын анықтау үшін еңбек ұжымындағы жағдайға үздіксіз мониторинг және талдау жасап отыру;
- еңбек ұжымында әлеуметтік наразылықтардың туындауының нақты және болжалды тәуекелдерін зерттеу, бағлау және болжау;
- қандай да бір әлеуметтік-еңбек жанжалдары туындаған немесе жетілген жағдайда, Тапсырыс берушіге хабарлау. Бұл ретте, жұмыскерлердің өкілдерімен келіссөз жүргізу үдерісіне түсу және қолданыстағы заңнамаға сәйкес туындаған жағдайды шешу жөніндегі шараларды қолға алу;
- Тапсырыс берушінің нысандарында жұмыс істеуге тартылатын қосалқы мердігер ұйымдарға осындай талаптарды белгілеу;

3.1.61. Мердігер жұмыстарды тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен орындауға міндетті. Бұл ретте Мердігер Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең дәрежелі мамандарға ауыстыруға құқылы;

3.1.62. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Мердігермен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады;

3.1.63. Конкурстық құжаттамада Тәртібінің №5 қосымшасының 35 тармағына сәйкес Әлеуметті жеткізуші қызметкерлерінің еңбекақысының ең төменгі шегін белгілеу кезінде, Мердігер Элеуметті жеткізушінің тендерлік өтінімінде көрсетілген тиісті қызметкерлеріне шарттың қолданылу мерзімінің бүкіл мерзіміне жалақысын белгілеуге міндетті. Мердігер осы тармақтағы көзделген міндеттемелерді орындауын, тиісті қызметкерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аударылған міндетті зейнетақы жарналары бойынша біріңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелерді тоқсан сайын айдың 10 (оныншы) күніне дейін ұсыну болып табылады.

3.2. Тапсырыс беруші міндеттенеді:

3.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстарды қабылдауға.

3.2.2. Мердігерден орындалған Жұмыстардың актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюға.

3.2.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлем (дерді) жасауға.

3.2.4. Тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасына Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді Мердігерге қайтаруға.

3.2.5. Мердігерге өзі енгізген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ол Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтаруға.

3.3. Мердігер құқылы:

3.3.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (дерді) талап етуге.

3.3.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және орындалған Жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қоюды талап етуге;

3.3.3. Тапсырыс берушіден авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге;

3.3.4. Тапсырыс берушіден өсімпұлдың, айыппұлдың және залалдың сомасын төлеуді талап етуге;

3.3.5. Тапсырыс берушіден енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге;

3.3.6. Тәртібінде және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

3.4. Тапсырыс беруші құқылы:

3.4.1. Мердігерден қойылған өсімақы, айыппұл және шығындар сомасын төлеуді талап етуге.

3.4.2. Шарттың құнын тиісті түрде азайта отырып, Жұмыстарды немесе Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстардың белгілі бір бөлігін қабылдаудан бас тартуға.

3.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртібінде және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға.

3.4.4. Орындау мерзімдерін (кестесін) сақтай отырып орындалатын жұмыстардың барысы мен сапасына, Мердігермен ұсынылатын материалдардың сапасына, сондай-ақ Тапсырыс берушінің материалдарын Мердігердің дұрыс пайдаланып жатқанын бақылау және қадағалау жүргізу.

3.4.5. Сынау және қабылдау кезеңінде нысанды пайдалану тәртіптемесін анықтау;

3.4.6. Қажет болған жағдайда нысанда іске қосу-баптау жұмыстарының ұйымдастырылуы мен жүргізілуін қамтамасыз ету;

3.4.7. Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда, Мердігер өзі жіберген бұзушылықтарды жойған сәтке дейін осы Шарт бойынша төленуі тиіс соманы ұстап қалу.

3.4.8. Мердігермен орындалатын Жұмыстардың түрлерін немесе көлемін біжақты тәртіпте, себептерін түсіндірместен азайту немесе алып тастау.

3.4.9. Мердігер осы Шарттан біржақты тәртіпте бас тартқан жағдайда, міндеттемелер бойынша толығымен өзара есеп айырысқанға дейін өз аумағында Мердігердің мүлкін ұстап тұру.

3.4.10. Жұмыстардың нәтижелерін шартта көрсетілген мақсатқа пайдалану мүмкіндігін жоққа шығаратын және Мердігермен, Тапсырыс берушімен немесе үшінші тұлғамен жойыла алмайтын кемшіліктер анықталған жағдайда, жұмыс нәтижелерін қабылдаудан бас тарту.

4. Жұмыстарды орындау

4.1. Жұмыстарды орындауды Мердігер осы Шарттың №1 және №2 қосымшаларында көрсетілген мерзімнің ішінде жүзеге асыруы тиіс.

4.2. Шартқа қол қойғаннан кейін, Тараптар бір-біріне жұмыс алаңындағы өздерінің өкілдері жайлы жазбаша түрде хабарлайды (аттарын көрсете отырып – Тапсырыс берушінің өкілі және Мердігердің өкілі). Кез-келген тұлға ауысқан кезде осы процедураны қайталау керек. Құжаттаманы (жұмыстық құжаттама, сызбалар, каталогтар, техникалық кестелер және т.б.) жаппай беру, сондай-ақ, Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы барлық хат алмасу Тапсырыс беруші мен Мердігердің өкілдері арқылы жүргізілуі тиіс. Мердігердің өкілін Тапсырыс берушімен келісу арқылы ауыстыруға болады.

4.3 Мердігер Жұмыстарды бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес орындайды, бұл кезде ол Тапсырыс берушіге жұмыс алаңына жеткізілетін материал, жабдықтар мен аксессуарлар сапасын сынау нәтижелерінің сертификаттарын және/немесе хаттамаларын және олардың Нормаларға сәйкес келетінін растайтын деректермен бірге ұсынады. Жабдықтың, материал және аксессуардың маркасы, түрі өзгерген кезде, Мердігер өзара ауыстырылатын жабдықты, материалды қолдануға дейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушімен және жобаның авторымен техникалық шешім түрінде келістіріп алуы тиіс.

4.4 Егер жасырын Жұмыс түрлерін Тапсырыс берушінің өкілі қабылдамаса немесе Тапсырыс берушінің өкілі мұндай Жұмыстардың жасалғаны туралы дер кезінде ақпараттандырылмаса, Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша мұндай Жұмыс түрлерін өз есебінен ашады.

4.5 Жұмыс алаңында Мердігер Жұмыстардың басталу сәтінен бастап, олардың аяқталуына дейін Жұмыстарды жасау журналын жүргізеді, ол Нысанды қолданысқа тапсыру кезінде қабылдау комиссиясына ұсынылатын жұмыстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылады.

4.6 Тапсырыс берушінің өкілі кез-келген Жұмыстарға және кез-келген уақытта жұмыс алаңының барлық бөлігі бойынша барлық Жұмыстар кезеңінде еркін кіре алуы тиіс. Мердігер жұмыс уақытынан кейін кіруі үшін алдын-ала ескерту қажет.

4.7 Тапсырыс беруші құрылыс Жұмыстарының жүру барысын және сапасын, сондай-ақ, қолданылатын материалдардың сапасын визуалды түрде немесе сапа төлқұжаттары, сертификаттары және Мердігер ұсынатын өзге материалдар негізінде кез-келген уақытта тексеруге құқылы.

4.8 Мердігермен келісе отырып, Тапсырыс беруші Нысанның құрылысы үшін қолданылатын қолда бар Материалдарды өзара есептесу есебінде жіберуі мүмкін.

4.9 Қажеттілік туындаған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстардың нақты орындалу күніне дейін алдын ала хабарлау арқылы Жұмыстардың тиісті орындалу көлемін азайту құқығын өзіне қалдырады. Бұл ретте Тапсырыс беруші Мердігерге Орындалға жұмыстардың нақты көлемі үшін төлейді. Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындауға Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатымен жол беріледі.

4.10 Тапсырыс беруші атқарылатын Жұмыстардың жобалар мен сметалар бойынша мөлшеріне, құны мен сапасына сәйкес келуіне бақылау және техникалық қадағалау жүргізеді.

4.11 Шарт бойынша Жұмыстарды орындау аяқталғаннан кейін Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың тиісті қосымшасындағы нысан бойынша орындалған жұмыстар актін ұсынуы тиіс. Шарт бойынша жұмыстар Тапсырыс берушінің қарауы бойынша, Жұмыстардың бүкіл көлемі аяқталғаннан кейін бірыңғай актімен, я болмаса Мердіердің Жұмыстарды орындауы кезеңінде бөлек-бөлек тәртіпте қабылдануы мүмкін. Егер Тапсырыс беруші бірыңғай Орындалған жұмыстар актіне қол қою туралы шешім қабылдаған болса, Тапсырыс беруші мұндай шешім туралы Мердігерге – ол қабылданған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннің ішінде хабарлауы тиіс.

4.12 Егер Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындамаса және Тапсырыс берушінің пікірі бойынша, Мердігер Жұмысты белгіленген мерзімде (соның ішінде, Жұмыстарды жасау Кестесі) орындай алмайды деп анықталғанда, Тапсырыс беруші Жұмыстарды тоқтату және Шартты бұзу туралы жазбаша өкім беруге құқылы.

4.13 Телімде табылған тарихи немесе өзге мүддені көздейтін және құнды болып табылатын кез-келген олжа Тапсырыс берушінің меншігі болып табылады. Мердігер осындай олжалар туралы Тапсырыс берушіге хабарлап, оларды акті бойынша Тапсырыс берушіге беруі тиіс.

4.14 Егер Шарттың қосымшаларында немесе тендерлік құжаттамада өзгедей көзделмесе, Шартты орындаған кезде Мердігердің жұмысшыларын тасымалдауды, олардың тұруы мен тамақтануын, сондай-ақ, техниканы мобилизациялау мен демобилизациялауды Мердігер қамтамасыз етеді және төлейді.

4.15 Жұмыстарды қабылдау:

4.15.1 Құрылысы аяқталған Нысанды қолданысқа қабылдау жобалық-сметалық құжаттамаға және Қазақстан Республикасының

қолданыстағы Нормасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

4.15.2 Мердігер Нысанды қолданысқа алдын-ала қабылдау туралы Тапсырыс берушіні Жұмыстық және/немесе қабылдау комиссиясының қабылдауына дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын ескертеді.

4.15.3 Жұмыстардың нәтижелерін қабылдаудың ұсынылған күні бойынша Тапсырыс беруші тарапынан қарсылық болмаған жағдайда, Тараптар хабарламада көрсетілген күні Жұмыстардың нәтижелерін қабылдау-тапсыру үшін Жұмыстар орындалатын жерге Тараптардың уәкілетті өкілдерін жіберуге міндеттенеді.

4.15.4 Егер Тапсырыс беруші Жұмыстардың нәтижелерін қабылдау барысында Орындалған жұмыстардың кемшіліктерін анықтаған жағдайда, Тараптардың уәкілетті өкілдері осы Шарттың №3 Қосымшасындағы нысан бойынша ақаулық актін рәсімдеп, оған қол қоюға міндеттенеді. Ақаулық актін рәсімдегеннен кейін, Мердігер Тапсырыс берушінің таңдауы бойынша, ақаулық акті рәсімделген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірместен келесі әрекеттердің бірін жүзеге асыруға міндетті болады: - кемшіліктерді өз күшімен және өз есебінен жою; - Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына қайтарымның тиісті сомасын аудару жолымен Жұмыстар үшін белгіленген бағаны шамалас мөлшерде азайту; - Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына шығындардың тиісті сомасын аудару жолымен кемшіліктерді жоюға жұмсалған Тапсырыс берушінің шығындарын өтеп беру.

4.15.5 Қабылдау комиссиясы кемшіліктердің, ақаулардың тізімін құрастырып, оларды жою үшін Тапсырыс беруші белгілеген мерзімен аспайтын ақылға қонымды мерзімді көрсетеді. Барлық кемшіліктің жойылу дерегі Нысанды қолданысқа біржола қабылдау актімен анықталады.

4.15.6 Егер Мердігер кемшіліктерді толық көлемде және бекітілген мерзімде жоймаса, онда Тапсырыс беруші Шарттың 6.2.3. тармағында көрсетілген айыппұл санкцияларын қолдануға құқылы болады.

4.15.7 Қабылдау комиссиясы, ал Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайда – мемлекеттік қабылдау комиссиясы актіге қол қойғаннан кейін Нысан біржолата қолданысқа қабылданды деп есептеледі.

4.15.8 Егер Жұмыстардың нәтижелерін шартта көрсетілген мақсатқа пайдалану мүмкіндігін жоққа шығаратын және Мердігермен, Тапсырыс берушімен немесе үшінші тұлғамен жойыла алмайтын кемшіліктер анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші жұмыс нәтижелерін қабылдаудан бас тартуға құқылы болады.

5. Кепілдіктер, Сапа және Сақтандыру

5.1. Мердігер мынадай кепілдіктер береді:

5.1.1. Қолданылатын Материалдардың, құрылмалардың, Жабдық пен жүйелердің тиісті сапасы. Олардың жобалық сипаттамаларға, мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкес келуі, олардың тиісті сертификаттармен, техникалық паспорттармен және сапасын куәландыратын басқа құжаттармен қамтамасыз етілуі.

5.1.2. Барлық Жұмыстарды орындау сапасы жобалық құжаттамаға және Қазақстан Республикасында қолданылатын нормалар мен техникалық шарттарға сәйкес келеді.

5.1.3. Жұмыстарды қабылдаған кезде және Нысанды кепілдемелі қолдану кезеңінде айқындалған кемшіліктер мен ақауларды өз қаражаты есебінен дер кезінде жою.

5.2. Тараптар Нысанды түпкілікті қабылдау актіне қол қойған сәттен бастап 36 (отыз алты) күнтізбелік айға созылатын кепілдік мерзімі ішінде Мердігер Жұмыстардың нәтижелерін пайдалану мүмкіндігіне кепілдік береді.

Кепілдік Жұмыстың нәтижесін құрайтын барлық элементтерге тарайды.

5.3 Егер Нысанды кепілдемелі қолдану кезеңінде қалыпты қолдану үшін кедергі келтіретін ақаулар мен кемшіліктер айқындалатын болса, онда Мердігер Тапсырыс берушінің жазбаша Хабарлауынан бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өз қаражаты есебінен жоюы тиіс, бұл кезде Нысанның осы бөлігі үшін кепілдемелі мерзім ақауды жойғаннан кейін қабылдау кезінен бастап 36 (отыз алты) ай көлемінде бекітіледі. Кепілдік мерзімінің уақыты – Мердігер жауап беретін кемшіліктердің (ақаулардың немесе бітпей қалған жұмыстың) нәтижесінде нысан пайдаланыла алмаған бүкіл уақыт кезеңінде тоқтатыла тұрады.

5.4 Мердігер анықталған ақаулар және кемшіліктер актін жасаудан немесе оған қол қоюған бас тартқан кезде, Тапсырыс беруші оларды растау үшін тәуелсіз сараптаманы тарту туралы сұрақты бастамалауға құқылы, оның шешімі қос Тарап үшін міндетті болып табылады. Тәуелсіз сараптаманың қызметтері үшін төлем сараптаманың қорытындысына сәйкес кінәлі деп танылған Тарапқа жүктеледі.

5.5 Жұмысты қабылдаған кезде немесе Нысанды қолдану уақытында кемшіліктерді, ақауларды анықтаған жағдайда, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 630-бабында (Ерекше бөлім) қарастырылған жалпы мерзім ішінде және Шарттың 8.2. тармағында көзделген кепілдемелі мерзім ішінде өзінің таңдауы бойынша Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 635-бабында (Ерекше бөлім) қарастырылған бір құқықты жүзеге асыруға немесе Мердігерден Жұмысты қайтадан тегін жасауын не болмаса, Тапсырыс берушінің кемшіліктерді өз күшімен жоюға кеткен шығындарын өтеуді талап етуге құқылы.

5.6 Шарттың бүкіл қолданылу мерзіміне, егер де бұл – Тапсырыс берушінің тендерлік құжаттамасымен немесе басқа бөлек талабымен қарастырылған болса, Мердігер тәуекелдердің барлық түрлерін сақтандырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін сақтандырудың барлық түрлерін төлеуі тиіс.

5.7 Барлық сақтандыру полистерінде сақтандыру компаниясы Тапсырыс берушінің шығынарды өтеуін талап ету құқығын иемденбейтініне және Тапсырыс берушіге талап-арыздар ұсынбайтынына кепілдік беретін шарттар болуы тиіс.

5.8 Сақтандыру осы Шарт бойынша Мердігердің қандай да бір міндеттемелерін шектеу ретінде түсіндірілмейтінін Мердігер есепке алады.

5.9 Мердігер осы Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлік ұйымдардың Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес, осындай қосалқы мердігерлік ұйымдармен орындалатын Жұмыстармен байланысты тәуекелдерді жабатындай түрде және көлемде сақтандырылуын қамтамасыз етуі тиіс. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер әрбір қосалқы мердігерлік ұйымның сақтандырылғанын расайтын сақтандыру сертификаттарын ұсынуы тиіс.

6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Мердігердің жауапкершілігі:

6.2.1. Мердігер Шартта айтылған Жұмыстарды орындау мерзімдерін негізсіз кешіктірген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге уақтылы орындалмаған Жұмыстар құнының 0,01%-ы мөлшерінде, кешіктірудің әрбір күнтізбелік күні үшін, бірақ уақтылы орындалмаған Жұмыстардың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті;

6.2.2. Мердігер сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және Сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Мердігер сатып алу туралы шарттың жалпы құнының кемінде 5%-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге жауапты болады, оны Мердігер төлеуі тиіс немесе Тараптар орындалған Жұмыстардың түпкілікті Актісіне қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін.

6.2.3. Мердігер анықталған кемшіліктерді Шарттың талаптарына сәйкес жою мерзімдерін бұзған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбы ретінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0.01%-ына баламалы соманы, мерзімін өткізіп алудың әрбір күнтізбелік күні үшін, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10] %-ынан аспайтын соманы төлейді.

6.2.4. Жұмыстардағы жергілікті қамту үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Бірыңғай әдістемеге сәйкес белгіленген нысан бойынша Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді;

6.2.5. Мердігер Шарттың 1.1 тармағында көзделген негізгі міндеттемелерді орындамағаны үшін немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін - орындалмаған немесе тиісті түрде көрсетілмеген міндеттемелердің құнынан 10% көлемінде тұрақсыздық айыппұлын төлеуге міндеті. Айып төлеудің бұл түрі оларды көрсету мерзімдері бойынша міндеттемелерге байланысты бұзушылықтарға қолданылмайды;

6.2.6. Мердігер Шартты орындау барысында Мердігердің әрекеттері салдарынан немесе олармен байланысты орын алуы мүмкін болатын үшінші тұлғалардың кінәрат-талаптар, қуынымдар немесе өзге талаптар қоюы жағдайында Тапсырыс берушіні кез-келген қолданыстағы немесе болжалды міндеттемелерден, қуынымдардан, сот талқылаулары мен талаптардан босатуға міндеттенеді және оның шығындарын, соның ішінде ұсталған шығындарды (соның ішінде сот шығындарын) өтеп беруге кепілдік береді, бірақ сот тәртібімен мұндай шығындар Тапсырыс берушінің құқыққа қайшы қасақана әрекеттерінің нәтижесі екендігі анықталған жағдайларды қоспағанда.

6.2.7 Мердігер шарттарда, жобада қарастырылған талаптардан және қос тарап үшін міндетті болып табылатын құрылыс нормалары мен ережелерінен жіберіп алған шегінулері үшін, сондай-ақ, жобалық-сметалық құжаттамасында көрсетілген құрылыс нысанының көрсеткіштеріне, соның ішінде кәсіпорынның өндірістік қуаты сияқты көрсеткіштерге жетпегені үшін Тапсырыс беруші аллында жауапкершілік көтереді.

6.2.8 Мердігер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзуына байланысты құзырлы мемлекеттік органдары өндіріп алған барлық төлемді Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуін алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде өтеуге міндеттенеді.

6.2.9 Егер Мердігер жұмыстарды – Жұмыстың нашарлауымен Шарттан ауытқи отырып немесе Шартта қарастырылған талаптар үшін оны жарамсыз ететін өзге кемшіліктермен орындаған болса, я болмаса Шартта әдеттегі пайдалану үшін тиісті талаптар жоқ болса, Мердігер өзі жауап беретін Жұмыстардың кемшіліктерін жоюдың орнына, орындаудың кешіктірілуімен Тапсырыс берушіге келтірілген шығындарды өтей отырып Жұмыстарды ақысыз жаңадан орындауға құқылы болады. Мұндай жағдайда Тапсырыс беруші бұрын өзіне табысталған Жұмыстардың нәтижелерін Мердігерге қайтаруға міндетті болады, егер Жұмыстың сипаты бойынша мұндай қайтару мүмкін болса.

6.2.10 Мердігер шарттық міндеттемелердің орындалуын бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуына салынған қамтамасыз ету сомасынан – шарттық міндеттемелердің орындалуын бұзғаны үшін Мердігерге есептелген айыппұл мен осыған байланысты туындаған шығындардың сомасын ұстап қалуға құқылы. Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің қалған сомасы

Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және тиісінше орындаған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, сондай-ақ оны Холдингтің сенімсіз әлеуетті жеткізушілері (жеткізушілері) тізіміне егізбестен, Шарт талаптарының жол берілген және жоюға болатын бұзылуы (мұндай бұзушылықтарға жол берілген жағдайда) жойылғаннан кейін қайтарылады.

6.2.11 Өзінің басқа құқықтарына залал келтірместен Тапсырыс беруші Шарттың орындалуына салынған қамтамасыз етуді қайтармайды, егер Мердігер Шартты тиісті жолмен орындамаған болса немесе Мердігердің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен байланысты Шарт бұзылған болса.

6.2.12 Көрсетілген мерзім ішінде Мердігер өсімпұлды және/немесе айыппұлды төлемеген жағдайда, не болмаса оны төлеуден бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші өсімпұл және/немесе айыппұл сомасын, сондай-ақ, Шарт бойынша сонымен бірге, Тараптар жасаған өзге де шарттар бойынша, Мердігерге тиесілі төлемнен кемшілікті(терді) жою бойынша шығындарды ұстап қалуға құқылы.

6.2.13 Егер Шартты орындаумен байланысты кідіріс форс-мажор жағдайларының нәтижесі болып табылса, Мердігер Шарт талаптарының бұзылуы салдарынан Шарттың бұзылғаны үшін немесе тұрақсыздық айыбының төленуі үшін жауапты болмайды және Шарттың орындалуына салынған өзінің қамтамасыз етуінен айырылмайды.

6.2.14 Егер Мердігер келісімдік құжаттардағы талаптарды бұза отырып жасаған Жұмыстарды түзету бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, сондай-ақ, егер Мердігер жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес Жұмысты аяғына дейін жасауға қауқарсыз болып қалса, онда Тапсырыс беруші жазбаша ұйғарым арқылы жалпы Жұмысты немесе оның бір бөлігін тоқтату туралы Мердігерге өкім беруі мүмкін.

6.2.15 Егер Мердігер Жұмысты түзете алмаса немесе мұны жасағысы келмесе (оны жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес келтіру) және бұл туралы Тапсырыс берушіден жазбаша ескерту алғаннан кейін 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде немесе өзінің іс-әрекеттерімен жауап бермесе, онда Тапсырыс беруші көрсетілген жеті күндік мерзім өткеннен кейін, өзгедей әсер ету әдістерін қолдану құқығынан бас тартпай, осы жұмысты өз күшімен жасауға құқылы. Мұндай жағдайда Мердігерге төленуі тиіс сомадан көрсетілген кемшіліктерді және/немесе Ақауларды түзету құны, соның ішінде қосымша қызметтер үшін Тапсырыс берушінің мәжбүрлі шығындарының өтемақысы шегеріледі. Егер Мердігерге төленуі тиіс сома көрсетілген шығынды өтеу үшін жеткілікті болмаса, онда Мердігер Тапсырыс берушіге айырманы өз қаражатынан төлеуі тиіс.

6.2.16 Осы Шарттың 3.1.55.тармағында көрсетілген міндеттемелерді орындамағаны үшін Мердігер осы Шарт сомасының 5%-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілік көтереді;

6.2.17 Осы Шарт бойынша Мердігердің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұл) сомасын осы Шарт бойынша төленуі тиіс сомалардан Тапсырыс берушінің ұстап қалатындығымен Мердігер келіседі.

6.2.18 Егер Мердігер шарттың орындалуының қамтамасыз етуін уақытылы ұсынбаған болса, Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіпте бұзып, әлеуетті жеткізушімен салынған өтінімнің қамтамасыз етуін ұстайды.

6.2.19 Мердігер Шартты орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Тапырыс беруші шығындардың және уыстан шығарып алған пайданың өтелуіне құқылы болады;

6.2.20. Мердігер Шарттың 3.1.63. тармағында көрсетілген міндеттемені орындамағаны үшін, Мердігер төлеуге тиісті сатып алу туралы шарттың жалпы құнының кемінде 10% мөлшерінде айыппул төлеп немесе Тапсырыс беруші тараптар орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдауды растайтын (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейн құнын устап қала алады.

6.3. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

6.3.1. Шарт бойынша төлемдерді (оның ішінде аванстық төлемдерді) негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ берешектің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс.

6.3.2. Мердігерге ұсынылған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтаруды негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін аванстық төлем сомасының 0,01% мөлшерінде, бірақ аванстық төлем сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс.

6.3.3. Мердігер ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруды негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс.

6.3.4. Тапсырыс беруші Жұмыстарды қабылдауды негізсіз кідірткен жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден әрбір күнтізбелік күн үшін Орындалған жұмыстар актісі сомасының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ Орындалған жұмыстар актісі жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

6.3.5. Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюды негізсіз кідірткен жағдайда, мердігер Тапсырыс берушіден әрбір күнтізбелік күн үшін Орындалған жұмыстар актісі сомасының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ Орындалған жұмыстар актісінің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

6.3.6. Тапсырыс беруші құжаттарды тапсыру мерзімін негізсіз өткізіп алған жағдайда (егер шартқа сәйкес Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстарды орындау үшін құжаттарды тапсыруды міндетті болса) Мердігер Тапсырыс берушіден мерзімді өткізіп алудың нәтижесінде орын алған залалдарды Қазақстан Республикасының заңнамасымен орнатылған тәртіпте өтеуді талап етуге құқылы.

6.4. Мердігер осы Шарт бойынша міндеттерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші орнатылған тәртіпте Қорының сенімсіз жеткізушілерінің тізіліміне Мердігер туралы мәліметтерді енгізу үшін Сатып алу бойынша қордың Операторына ақпаратты жібереді.

6.5. Мердігер осы Шарт бойынша міндеттерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші осыған қатысты есептелген және залалға қатысты пайда болған айыппұл сомасын Шартты орындауды қамтамасыз ету сомасынан ұстап алуға құқылы.

6.6. Шарттың мерзімі аяқталғанда Тапсырыс берушінің алдын ала төлемінен кем сомаға Жұмыс нақты орындалғанда Тапсырыс беруші төленген авансты қайтаруды қамтамасыз етудің сомасынан сәйкес айырманы ұстап алуға құқылы.

6.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта белгіленген міндеттерді орындаудан босатпайды.

6.8. Тараптар Шарт бойынша өсімақыны және/немесе айыппұлды төлеуді – тиісті шот-фактураны алған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

6.9 Тараптардың келісімі бойынша, міндеттемелердің бұзылуы ретінде – оның жасалмауы немесе тиісті жолмен жасалмауы (Жұмыстардың уақытында атқарылмауы, атқарылған Жұмыстарда кемшіліктердің болуы, осы Шарт бойынша және оның қосымшаларына сәйкес міндеттемелермен анықталған өзге шарттардың бұзылуы) – тиісінше жасалмауы түсіндіріледі. Тиісінше орындау мүмкін болмаған жағдайда, Мердігердің кінәсінің болмауы шартымен, Мердігер бұл жөнінде дереу Тапсырыс берушіге хабарлауға міндетті. Бұл ретте мұндай ескерту міндетті тәртіпте негізделген және жеткілікті деңгейде дәлелді болуы тиіс. Осы тармақта қарастырылған Мердігердің әрекеттері болмаған жағдайда, Мердігер кейіннен осындай жағдайларға сілтеме жасау құқығынан айырылады.

7. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

7.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес енгізіледі.

7.2. Жобаға немесе жасалған Шартқа Мердігерді таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге болмайды.

7.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

7.3.1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

7.3.2. Мердігер өз міндеттерін бұзған жағдайда;

7.3.3. Жұмыстарда негізді жөнсіздіктің себебінен, атап айтқанда:

7.3.3.1. Апаттық жағдайға немесе экономикада басқа теріс құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығындары азайғанда;

7.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалық атқарушы органының/байқау кеңесінің (басқару органының/жоғары органның (қатысушылардың жалпы жиналысы) алқалық атқарушы органы/байқау органы болмаған жағдайда) шешімінің негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда. Жұмыстарда негізді жөнсіздікке байланысты Тапсырыс беруші Мердігерге шығындарды өтеу шартымен шартты орындаудан бас тартуға рұқсат беріледі.

7.3.3.3. Осы Шарттың 7.3.3.2. тармағында көрсетілген жағдайлар орын алатын болса, Мердігер осы Шарттың қолданылу мерзімі кезеңінде іс жүзінде жұмсалған шығындарды растайтын толық құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.

7.4. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге Шартты болжамды бұзу күнінен кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша ескертуді жібереді. Ескертуде Шартты бұзудың себебі, жойылатын шарттық міндеттердің көлемі, сонымен қатар Шартты бұзуға байланысты өз күшіне ену күні көрсетіледі. Шартты жоғарыда аталған жағдайларда бұзған жағдайда Мердігер бұзу күніне қарай Шартты орындаумен байланысты нақты шығындардың төлемін талап етуге құқылы.

7.5. Егер «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу бойынша өкілетті органы сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші шарттан біржақты тәртіпте бас тарта алмайды. Мұндай жағдайда шартты ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Шартты бұзу күніне қарай нақты шығындарды төлеу шартымен Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзуға болады.

7.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда Мердігердің Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

7.7. Тараптар кез-келген уақытта екіжақты келісім бойынша Шартты бұза алады.

7.8. Мердігер Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі талаптарын, жол қозғалысы ережелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартты бұзу жолымен Мердігерге Жұмыстарды әрі қарай орындауға тыйым салуға құқылы болады немесе тыйым салуға негіз болған себептер жойылған сәтке дейін

Жұмыстардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы болады. Бұл ретте мұндай жағдай осы Шартпен белгіленген Жұмыстарды орындау мерзімін ұзартуға негіздеме болып табылмайды.

7.9. Егер Мердігердің жұмыскері немесе Жұмыстарды орындау үшін Мердігермен тартылған үшінші тұлға Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі талаптарын, жол қозғалысы ережелерін бұзатын болса және бұл – Тапсырыс беруші мен Мердігердің жұмыскерлерінің өмірі мен денсаулығына зиян келтіруді қоса алғанда жазатайым уақиғаны, апатты және оқыс оқиғаларды тудырған немесе тудыруы мүмкін болса, Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіпте бұзады.

7.10. Мердігер және оның қосалқы мердігерлері/бірлесіп орындаушылары Мердігердің жұмыскерлері болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдік азаматтарға еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол берген жағдайда Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға (шартты бұзуға) құқылы болады, бұл ретте Мердігер Тапсырыс берушіге келтірілген шығындарды, сондай-ақ осы Шарттың 3.1.55.-3.1.56. тармағын бұзғаны үшін шығындарды өтеп береді.

7.11. Егер Мердігерге Тәртібінің 31 бап, 1 тармақ бойынша көрсетілген шектеулер қойылса, Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты бас тартуға құқылы.

7.12. Жобаның өзекті көрсеткіштері нашарлаған жағдайда Тапсырыс беруші жобаны одан әрі іске асырудан бас тартуға құқылы.

8. Техникалық, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлігіндегі талаптар

8.1. Мердігердің міндеттері:

8.1.1. Жұмыстарды орындау барысында Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарымен белгіленген қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі талаптарының, жол қозғалысы ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету.

8.1.2. Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі талаптарын, жол қозғалысы ережелерін сақтамаудың нәтижесінде туындайтын болжалды уақиғалар мен салдар үшін Тапсырыс берушінің, мемлекеттік бақылаушы органдардың, өзге мүдделі тұлғалардың алдында толық жауапкершілікті көтеру.

8.1.3. Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі талаптарын, жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін мемлекеттік бақылаушы органдар Тапасырыс берушіге залалды өтеу және айыппұл санкцияларын төлеу бойынша талаптар қойған жағдайда, Тапсырыс берушіге залал мен айыппұлдардың сомасын төлеумен байланысты шығындардың барлығын толық көлемде өтеп беру.

8.1.4. Мердігердің осы шарт бойынша Жұмыстарды орындауы барысында қауіптілігі жоғары жұмыстарды орындаған кезде жүктелім-рұқсатнама рәсімдеу. Жүктелім-рұқсатнаманың нысаны және толтыру ережелері Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарымен белгіленеді. Мердігердің жұмыскерлеріне және Жұмыстарды орындау үшін Мердігермен тартылған үшінші тұлғаларға жұмыстардың жауапты басшысының немесе жұмыстарды орындаушының рұқсатынсыз, сондай-ақ жүктелім-рұқсатнама рәсімдеместен қауіптілігі жоғары жұмыстарды орындауға кірісуге тыйым салынады.

8.1.5. Жұмыскерлерге және Жұмыстарды орындау үшін Мердігермен тартылған үшінші тұлғаларға тікелей жұмыс орнында және қауіптілігі жоғары жұмыстарды бастар алдында масатты нұсқамалықтардың жүргізілуін қамтамасыз ету.

8.1.6. Қауіпті қалдықтарды тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарының талаптарын сақтау.

8.1.7. Жұмыстардың қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін мамандандырылған көлікпен және/немесе жабдықпен орындалуын қамтамасыз ету.

8.1.8. Осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін қажетті, уәкілетті органдармен берілген барлық қажетті рұқсат құжаттарын (лицензиялар, сертификаттар және т.б.) өз есебінен алу және оларды толық күшінде және жарамды күйінде сақтау.

8.1.9. Өзінде осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін жеткілікті және білікті жұмыскерлерінің әрдайым болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ егер Мердігердің жұмыскері қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамайтын болса, Жұмыстарды орындауға қатысатын кез-келген қызметкерін Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша дереу ауыстыру.

8.1.10. Ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) күніне дейінгі мерзімде Тапсырыс берушіге қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы өз жұмысының нәтижелері туралы келесі мәліметтері бар ақпаратты есептілік нысандарына сәйкес ұсыну:

8.1.10.1. Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағындағы жұмыс уақытының жоғалуымен барлық жазатайым уақиғалар туралы (өндіріспен байланысы бар және байланысы жоқ), жол-көлік уақиғалары туралы, сондай-ақ уақиғалар (апаттар, өрттер, жарылыстар, мұнай мен мұнай өнімдерінің төгілуі, адамдардың денсаулығы мен өміріне және/немесе қоршаған ортаға залал келтіруге әкелген жағдайлар, мүлікке және жабдыққа келтірілген материалдық залал) туралы;

8.1.10.2. Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағындағы Жұмыстарды орындауға тартылатын Мердігердің жұмыскерлерінің

саны, Жұмыстар орындалатын жерде Мердігердің жұмыскерлерімен орындалған, атқарылған жұмыс уақытының саны;

8.1.10.3. авто-техниканың жалпы саны, сондай-ақ Жұмыстарды орындауға тартылған Мердігердің автокөлік құралдарының жалпы жүріп өткен жолы;

8.1.10.4. қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқудан өткен жұмыскерлердің саны бойынша;

8.1.10.5. қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларға арналған жұмсалымдар бойынша.

8.1.11. Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағындағы Жұмыстарды орындаған Мердігердің қызметімен тікелей немесе жанама түрде байланысы бар және Тапсырыс берушінің ішкі рәсіміне сәйкес, жүргізілуі онымен бастама етіп көтерілген уақиғаларды (апат, оқыс оқиға, жазатайым уақиға) тергеуге қатысу. Мердігер Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағындағы Жұмыстарды орындау барысында Мердігерде орын алған уақиғалардың тікелей және түпкілікті себептерін тергеу және талдау жөніндегі комиссияның құрамына Тапсырыс берушінің өкілін енгізуге міндетті.

8.1.12. алкогольден, есірткіден немесе токсикоманиялық (олардың баламаларынан) мастанған күйдегі өз жұмыскерлерін жұмысқа жібермеу (жұмыстан шеттету;

8.1.13. Жұмыстар орындалатын жерде және жұмыскерлер тұратын жерлерде алкогольдің, есірткінің немесе психотроптық заттардың болуына және оларды алып өтуге жол бермеу, бірақ өндірістік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті заттарды қоспағанда.

8.2. Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағындағы Мердігердің арнайы техникасы, автомашиналары және/немесе автобустары жұмысқа жарамды техникалық күйде болуы тиіс және қауіпсіздік техникасының барлық талаптарына сәйкес келуі тиіс, сондай-ақ GPS мониторинг жүйесімен жабдықталуы тиіс. Мердігер жоғарыда аталған көлік құралдарының бағытын және уақыты мен күнінің бейнеленуімен олардың қозғалу жылдамдықтарын көрсете отырып есептің ұсынылуын қамтамасыз етуі тиіс. Мердігер Тапсырыс берушіге GPS мониторинг жүйесіне ON-Line қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Мердігер 3 (үш) айдан кем емес уақытқа GPS мониторинг жүйесі мұрағатының тереңдігін қамтамасыз етуі тиіс. Мердігер қауіпті жүктерді (сұйылтылған көмірсутек газы, мұнай, газоконденсаттар, қалдықтар және т.б.) тасымалдайтын көлік құралдарын – аталған тасымалдарға мониторинг жасайтын Тапсырыс берушінің диспетчерлік қызметіне қосумен цистерналардағы сұйықтық деңгейінің үздіксіз өлшеніп отыруын қамтамасыз ететін, GPS мониторинг жүйесімен байланыстырылған өлшеу құралдарымен жабдықтауы тиіс. Мердігер автокөліктің барлық түрлерінде белгілі мердігер ұйымның автокөлігінің тиесілілігін жедел анықтау үшін авокөліктердің барлық түрлерінде айырым белгілерін (логотиптер, тақтайшалар және т.б.) орнатуы тиіс. Автокөлік құралдарының шиналарында протектор суретінің биіктігі жол қозғалысыны ережелерінің тиісті талаптарына сәйкес келетіндей жеткілікті болуы тиіс, қысқы уақыт кезеңінде – алдыңғы және артқы шиналары болуы тиіс.

8.3. Мердігер келесілерді қамтамасыз етуі тиіс:

8.3.1. көлік құралдарының жүргізушілерін оқыту және жеткілікті біліктілігін қамтамасыз ету;

8.3.2. көлік құралдарына тұрақты ТБ жүргізу;

8.3.3. көлік құралдары жүргізушілерін мерзімді медициналық тексеруді жүргізу;

8.3.4. жолаушыларды, жолжүкті, жүктерді, соның ішінде қауіпті жүктерді тұрақты және тұрақты емес тасымалдау бағыттарында жұмыс істейтін көлік құралдары жүргізушілерін рейс алдыдағы және рейстен кейінгі тексерулерді жүргізу.

8.4. Мердігердің барлық жұмыскерлері жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс және тұрғын үй-жайлардан тыс жерлерде және/немесе Жұмыстар орындалатын жерде болған кезде оларды пайдалануы тиіс.

8.5. Тапсырыс берушінің келісімшаттық аумағына Жұмыстарды орындау үшін алғаш рет келіп жақан Мердігердің барлық жұмыскерлері Тапсырыс берушінің Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің қызметкерінен кіріспе нұсқамалық алуы тиіс.

8.6. Жұмыстар орындалатын жерде Мердігердің жұмыскерлерінде Азаматтық қорғаныс және еңбекті қорғаудың қауіпсіздігі саласындағы тиісті оқу және аттестаттау дерегін растайтын белгілері бар куәліктер болуы тиіс.

8.7. Мердігерде Азаматтық қорғаныс және еңбекті қорғаудың қауіпсіздігі бойынша оқу мен аттестаттауды жүргізу, Тапсырыс берушінің келісімшаттық аумағындағы Жұмыстарды орындауға тартылған жұмыскерлерге нұсқамалықтар жүргізу кестелері болуы тиіс және оларды алғашқы талап ету бойынша Тапсырыс берушінің уәкілетті өкіліне ұсынуы тиіс.

8.8. Қазақстан Республикасының экологиялық кодексінің қағидаларына сәйкес, Мердігер осы Шарттың мәні болып табылатын Жұмыстарды орындау барысында өз қызметінің нәтижесінде түзілетін өндіру мен тұтынудың барлық қалдықтарының (өзінің жеке шикізаты мен материалдарынан, сондай-ақ Тапсырыс беруші ұсынатын шикізат пен материалдардан) меншік иесі болып табылады. Қалдықтарды орналасу жерлеріне дейін тасымалдауды мердігер ұйымдар жеке автокөліктерімен немесе тиісті шарттар бойынша жүзеге асырады.

8.9. Мердігерде Жұмыстарды орындау барысында түзілетін қалдықтардың барлық түрлерін шығаруға мамандандырылған ұйыммен жасалған шарт болуы тиіс.

8.10. Егер осы Шарттың қолданылу кезеңінде Тапсырыс берушінің аумағында Мердігердің өндірістік базасы және/немесе тұрғын кенті орналасатын болса, Мердігер Тапсырыс берушінің аумағында тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етуі тиіс, өндірістік сұйықтықтардың

төгілуіне немесе оның материалдармен, жабдықтармен негізсіз ыбырсуына жол бермеуі тиіс, сондай-ақ аталған аумақ үшін анықталған Тапсырыс берушінің тәртіптемесі мен нормативтік актілердің талаптарын, соның ішінде экология, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы талаптарды Мердігердің жұмыскерлері сақтауы тиіс. Осы мақсатта Мердігер инженерлік-техникалық жұмыстар құрамынан Тапсырыс берушінің аумағында жоғарыда аталған талаптардың қамтамасыз етілуіне жауапты тұлғаны тағайындайды.

8.11. Осы Шартта қарастырылған Жұмыстарды орындау барысында Мердігер өз күшімен және құралдарымен Жұмыстар орындалатын нысанды және өзінің орналасқан жерін өз қызметі барысында түзілетін өз қоқысынан және өндіру мен тұтынудың өзге қалдықтарынан жүйелі түрде тазартуды қамтамасыз етеді.

8.12. Мердігер қалдықтарды орналастыру орындарында оларды орналастыру барысында экологиялық талаптардың бұзылғаны үшін жауап береді.

8.13. Жұмыстарды орындауды аяқтағаннан кейін Мердігер Тапсырыс берушінің инженер-экологының қатысуымен, Орындалған жұмыстар актіне Тапсырыс берушінің қолы қойылғанға дейін орыннан немесе орналасқан орнынан өзінің барлық жабдықтары ме техникасын, материалдардың артық қалғанын және т.б. шығарып әкетеді, өзі тұрғызған уақытша ғимараттар мен құрылыстарды демонтаждауды жүргізеді, осындай Жұмыстардан түзілген қалдықтарды шығарауды жүргізеді және өзінен кейін Жұмыс орнын және/немесе орналасқан орнын – Тапсырыс берушінің комиссиясына алаңды акт бойынша тапсыра отырып экологиялық талаптар мен санитариялық нормаларға сәйкес келетін күйінде қалдырады.

8.14. Жұмыстарды орындау барысында Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында және/немесе келісімшарттық аумағымен шекаралас жерлерде қалдықтардың сан-алуан түрлерінің рұқсат етілмеген үйінділерінің түзілуіне жол бермеу керек, олай болмаған жағдайда Мердігерге осы Шарттың талаптарына сәйкес айыппұл санкциялары қолданылады.

8.15. Мердігер Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында және/немесе келісімшарттық аумағымен шекаралас жерлерде қалдықтардың сан-алуан түрлерінің рұқсат етілмеген үйінділерін түзген немесе орналастырған жағдайда, Мердігер қалдықтардың тиісті көлемдері бойынша қоршаған ортаға эмиссияларүшін төлем бойынша салық декларацияларының ұсынылған көшірмелері негізінде қоршаған ортаға эмиссияларүшін төлем жасау бойынша Тапсырыс берушінің шығындарын өтеп береді.

8.16. Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарымен белгіленген қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өртке қарсы қауіпсіздік талаптарының, жол қозғалысы ережелерінің сақталуын бақылауды қмтамасыз ету үшін Мердігер Тапсырыс берушінің өкілдеріне Жұмыстар орындалатын жерлерге, Мердігердің вахталық кенттеріне және өндірістік базаларына кедергісіз кіру мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Аталғн талаптардың бұзылуы анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге бұзушылықтардың түрлерін және жоюдың ұсынылған мерзімдерін көрсете отырып тиісті акт береді. Егер Мердігер қандай да бір себептермен бұзушылықтарды ұсынылған мерзімдерде жоя алмайтын болса, Тапсырыс берушімен бірге келісілген мерзімдердің көрсетілуімен Бұзушылықтарды жою жоспары әзірленеді. Бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты Мердігер Тапсырыс берушіге осы Шартпен белгіленген ай сайынғы есептіліктің құрамында ұсынады.

8.17. Осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысында орын алған апаттарды, оқыс оқиғаларды және жазатайым уақиғаларды ішкі тергеудің нәтижесінде анықталған Мердігердің кінәсі бар болған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге бүкіл келтірілген залал мен шығыстарды өтеп беруге міндеттенеді.

8.18. Егер Жұмыстарды орындау барысында және/немесе Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында болған кезде Мердігердің жұмыскері немесе Жұмыстарды орындау үшін Мердігермен тартылған үшінші тұлға жарақаттар алған, мертіккен болса немесе осындай жұмыскердің немесе үшінші тұлғаның өлімі орын алған болса, Тапсырыс беруші жауакершілік көтермейді, егер де аталған жағдайлар Тапсырыс берушінің кінәсінен орын алмаған болса және/немесе Мердігердің қызметкері және үшінші тұлға тарапынан қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігі, электрлік қауіпсіздік, өнеркәсіптік санитария талаптары мен ережелерін және жол қозғалысы ережелерінің бұзылуы салдарынан орын алған болса.

8.19. Мердігер немесе Жұмыстарды орындау үшін Мредігермен тартылған үшінші тұлға Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында жол-көлік уақиғаларына, оқыс оқиғалаға, апаттарға, ластағыш заттардың төгілуіне, қалдықтардың рұқсатсыз орналастырылуына, қауіпсіздік техникасының, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, жол қозғалысы ережелерінің бұзылуына жол берген жағдайда, залалдың болуына қарамастан осы Шарттың талаптарына сәйкес айыппұл санкциялары қолданылады.

9. Шарттың қолданылу мерзімі

9.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғаларының қолы қойылған күннен бастап күшіне енеді, №1 қосымшада көрсетілген қолданылу мерзімімен, ал өзара есеп айырысу бөлігінде – Тараптар Шарт бойынша өздерінің барлық міндеттемелерін толығымен орындағанға дейін қолданыста болады (егер Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес, Тапсырыс берушінің қызметін басқаратын уәкілетті орган (Байқау кеңесі) Шарттың жасалуын мақұлдау туралы шешім қабылдауы тиіс болса, Шарт – Шарттың жасалуын мақұлдау туралы тиісті шешім қабылданған және Тараптардың қолы қойылған сәттен бастап күшіне енеді).

9.2. Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа – Шартқа қол қойылған күні Шартты жасау және мұнда қарастырылған іс-әрекеттерді

орындау үшін барлық құқық пен өкілеттіліктерге ие болып келетінін, сондай-ақ Шартқа қол қою, ұсыну және орындау лайықты түрде санкциялануы тиіс екенін, сонымен бірге, Шартқа Тараптың атынан қол қоятын тұлғаның тиісті түрде уәкілеттендірілгенін мәлімдейді және осыған кепілдік береді.

10. Еңсерілмес күш жағдайлары (Форс-мажор)

10.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

10.2. Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы осындай мән-жайлар басталған кезден бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша нысанда (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ осындай мән-жайлардың басталу фактісін растайтын құзыретті орган берген құжаттарды ұсынуы тиіс.

10.3. Шарттың 10.2. тармағында келісілген тәртіпте ескертпеу немесе уақытылы ескертпеу Тарапты міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген кез-келген жағдайға сілтеме жасау құқығынан айырады.

10.4. Егер еңсерілмейтін күш жағдайлары екі айдан асатын уақытқа созылса, әрбір Тарап Шартты бұзып, өзара есептесу жасауға құқылы.

11. Дауларды шешу тәртібі

11.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

11.2. Дауларды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қызылорда облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралуы тиіс.

11.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

12.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

12.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

12.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын Тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

12.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

12.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

12.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

12.7. Мердігер осы Шарт бойынша әрекет ететін, өзімен үлестес жеке және заңды тұлғалардың барлығы (әрі қарай олардың әрқайсысы «Үлестес тұлға» деп аталады), соның ішінде шектеусіз Мердігердің иелерін, директорларын, лауазымды тұлғаларын, жұмыскерлерін және агенттерін қоса алғанда, осы ескертпенің кепілдіктерін сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

12.8. Мердігер және барлық Үлестес тұлғалар келесі әрекеттерді тікелей немесе жанама түрде жасамауға міндеттенеді:

12.8.1. Бизнесті құқыққа қайшы алу, сақтау немесе жүргізу мақсатында немесе Тапсырыс беруші үшін заңсыз артықшылықтарды алу мақсатында мемлекетпен байланысты кез-келген тұлғаларға қандай да бір ақшалай қаражаттарды төлеу, ұсыну, төлеуге уәде беру

немесе рұқсат ету немесе өзге құндылықтарды (соның ішінде сыйлықтар, ойын-сауық және субсидиялар) ұсыну.

12.8.2. Коммерциялық параға сатып алу мен бизнесті жүргізудің өзге де заңға қайшы және құқыққа қайшы құралдарын қоса алғанда, коммерция саласындағы парақорлыққа тыйым салатын қолданыстағы заңдарды бұзатын өзге әрекеттерді жасамау.

12.9. Мердігер мемлекетпен байланысты тұлға болып табылмайды және оның лауазымды тұлғалары, жұмыскерлері, я болмаса тікелей немесе жанама иелері болып табылатын Саяси маңызды тұлғалары жоқ. Қандай да бір Саяси маңызды тұлға Мердігердің лауазымды тұлғасы немесе жұмыскері болатын, я болмаса Мердігердің Компаниясындағы қатысу үлесін тікелей немесе жанама түрде сатып алатын барлық жағдайлар туралы Мердігер Тапсырыс берушіге жазбаша түрде дереу хабарлауға міндеттенеді.

12.10. Мердігер қандай да бір заңсыз мақсаттарда емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған және оның тек заңды қаржыландыру көздері бар.

